

**II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 2003 жылғы 20 ақпандағы "Алматы қаласы аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ай сайынғы төлемнің мөлшерлемелерін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Алматы қаласы Мәслихатының II сайланған XXV сессиясының 2003 жылғы 11 маусымдағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 20 маусымда N 536 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 164 шешімімен

*Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2008.12.22 N 164 шешімімен*

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" заңының 7 бабына сәйкес II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты шешім қабылдады:

II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 2003 жылғы 20 ақпандағы "Алматы қаласы аумағында сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ай сайынғы төлемнің мөлшерлемелерін бекіту туралы" шешімінің 3 тармағына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- "Алматы қаласы бойынша салық комитетінің төрағасы Қ.Қ. Нұрпейісовке," сөздерінен кейінгі ", "Алматыжарнама" коммуналды мемлекеттік кәсіпорнының директоры М.Т.Ерманға" сөздері алынып тасталсын;

- "экономика және өндірісті дамыту мәселелері бойынша тұрақты комиссиясына (Шелипанов А.И.), " сөздерінен кейін "Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.З.Мурзинге," сөздерімен толықтырылсын, әрі қарай мәтін бойынша.

*II-сайланған Алматы қалалық  
Мәслихаты XXV-ші сессиясының  
т ө р а ғ а с ы*

*II-сайланған Алматы қалалық  
Мәслихатының хатшысы*

